

«Балбөбек » жеке балабақшасы

«Елімнің егемендігі –Тәуелсіздік!»

Тәрбиеші:Амангалиева Б.А

Орал қаласы 2022

Елімнің еркіндігі - Тәуелсіздік!

Мақсаты: Жас ұрпақты өз елінің тәуелсіздігі үшін күрескен қаһармандарын құрметтеуге, адамгершілік сезімдерді қалыптастыру арқылы отаншылдыққа, еліміздің рәміздерін қастерлеуге, туған жеріне, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыруға тәрбиелеу.

Зал іші безендіріліп, мерекеге сай әдемі әуен ойналып тұрады. Әр топтың балалары саппен жүріп, қолдарына жалаушалар ұстап, музыка әуенімен залға кіреді.

Жүргізуші:

Қуан халқым! Қуанатын күн бүгін,

Серпін таста мұңды жүрек түндігін

Шарықтайық, шаттанайық, тынбайық

Тәуелсіздік күнін бүгін, халқым бірге тойлайық!

Құрметті қонақтар сүйікті балалар! Егеменді еліміздің тәуелсіздік мерекесі құтты болсын.

Тәуелсіз елдің жастары үшін заман талабына сай өнерлі де білімді болып өсу талабы

тұды. Тәуелсіз еліміз болашаққа айқын бағдар түзеп өркеніетті елдер қатарына жетуге аяқ

басты. Болашақтың тірегі мына бүгінгі бүлдіршіндер сендерсіңдер. Сәби күлкісімен

мейірімнің сәні ешқашан бұзылмасын!

Осы тәуелсіздік жолында егеменді ел үшін бастарын қатерге тіккен, бізге еркіндікті алып беріп кеткен аға – апаларымыздың ерліктері туралы экраннан тамашалайық.

(Слайд)

Дүниені дүр сілкіндірген көтеріліске, қазақ ел ауызында жүрген, тарихта аты қалған Қайрат Рысқұлбеков, Ербол Сыпатаев, Ләзат Асанова және т. б. апаларымызбен ағаларымыз қатысты.

Осындай батыр, ер жүрек ағаларымызбен апайларымыздың арқасында ата-бабаларымыз аңсаған, армандаған тәуелсіздігімізді алып берді. Мерекелеріңіз құтты болсын, ағайын!

Әнұран: «Менің Қазақстаным!» (хабарлаусыз)

Жүргізуші: Балалар біз бүгінгі күні тәуелсіз ел болдық. Міне бүгінгі тәуелсіз Қазақстан елі туралы мәліметті экраннан тамашалаңыздар. Көріп отырғанымыздай Қазақстан жері кең байтақ, шегі жоқ, үлкен. Қазақстан картасынан көріп отырғандарыңыздай елімізде әдемі қалалар, өзендер мен көлдер орналасқан екен. Біздер осы кең байтақ жердің Орал қаласында тұрамыз. Туымыз, елтаңбамыз, әнұранымыз бар. Ендеше тәуелсіз Қазақ елі туралы видео роликке назар аударып, экраннан тамашалайық.

Жүргізуші: Ендеше Балауса 2 кіші топ балаларының Тәуелсіздік мерекесіне арналған құттықтауларын қабыл алыңыздар.

Ән: «Отаным»

Бн: «Қазақ биі»

Жүргізуші: Енді сендерге де балалар сұрақ қойып білімдеріңді тексеріп көрейін?

- Балалар Қазақстанымыздың туының түсі қандай? (*Көк*)
- Туда ненің суреті бейнелеген? (*Күн мен қыран құс*)
- *Елтаңбамыздан* ненің бейнесін көріп тұрсыңдар? (*2 аргымақ ат, ортасында шаңырақ*)
- Қазақстанның президенті кім? (*Н.Ә.Назарбаев*)
- Ел Ордамыз қай қала? (*Астана*)
- Астананың ортасында бой көтерген зәулім ғимарат қалай аталады? (*Бәйтерек*)
- Біз қай қалада тұрып жатырмыз? (*Орал қаласы*)
- Біздің балабақшамыз қалай аталады? (*Балбұлақ*)

Жүргізуші: Біз балдырған баламыз,
Оттай лаулап жанамыз,
Бейбіт таңда бас қосып,

Шырқап әнге саламыз –деп «Балапан» 2-ші кіші тобының Тәуелсіздік мерекесіне арнаған әнін жыр шумақтарын қабыл алыңыздар!

Тақпақтар: жарты бала айтады.

Жүргізуші: Талшыбықтай бұралған,
Қазағымның қыздары-ай!
Сүйсіндірген биімен,
Өнерлі гой, қыздар-ай!
Келесі кезекті биге береміз.

Тақпақтар:

Ән: «Отаным»

Би: «Флешмоб»

Жүргізуші: Балалар ортаңғы топ балаларымен ойын ойнайық.

Ойын: «Домбыра» Ортаңғы топ (5 ұл мен 5 қыз)

Көрініс: сахнада бір топ жастар әңгімелесіп ән айтып отырады. **Ербол Лаззат,**
Бір кезде Қайрат келіп : Отырыстарың жақсы екен, соңғы жаңалықтарды естідіңдер ме?

- Ол не жаңалық тыныш болса жақсы болар еді.
- Еліміздің азаттығы үшін бір топ қазақ жастары алаңға жиналып, көтеріліске шыққалы жатыр екен деп естілім.
- Сағат неше болды? Соңғы жаңалықтардың аяқталып қалған уақыты болған шығар. Кане радионы қосайық.

(радиодан сөйлейді)

Радио: Жаңалықтарымызды қорытындылай келе, бүгінгі күннің соңғы жаңалықтарын айта кетсек. Үкімет басындағы елбасқарудағы өзгерістерге байланысты жастар легі алаңға шығып, өз қарсылықтарын білдіруде, сол себепті халық көтерілді деген лақап таралды.

Қайрат: (солды ұрып) біз мұнда не істеп отырмыз, біз мұнда көңілімізді көтеріп отырғанда халқымыз еліміздің азаттығы үшін күресіп жатырған болды гой.

Бәріміз еліміздің патриоты емеспіз бе ? Тұрыңдар біз де алаңға аттанайық.

Лаззат: Тәуелсіздігіміз үшін күресуге біз де дайынбыз.

Жүргізуші: Мінекей көріністен көріп отырғанымыздай, еліміздің тәуелсіздігі үшін көптеген аға-апаларымыз жас болса да, елі үшін қайсарлық танытып, біздің тәуелсіз ел болуымыз үшін өз үлестерін қосып кеткен екен. Бүгінгі күнде тәуелсіз, егемен ел болуымыз сол аға-апаларымыздың арқасы. Сендер тәуелсіз Қазақстанның бақытты болашақ ұрпағысыңдар.

2 көрініс: сахнада ата мен әже отырады.

Бір бала келіп : Сүйінші халқым сүйінші еліміз азаттық алды, біз тәуелсіз ел болдық. Ата әже, естідіңіздер ме біз тәуелсіздігімізді алдық. Енді біздің өз басшымыз болады. Нұрсұлтан әбішұлы Назарбаев Қазақстан елінің президенті болып тағайындалды. Біз енді өз қазақ тілімізде еркін сөйлейтін боламыз.

Әжесі: Ой құлыным бұның қандай қуанышты жаңалық, бұл күнді біз қанша жыл армандап күттік десенші.

Атасы: Бұл барша қазақ халқы үшін жақсы жаңалық екен. Елімізде әрқашан бейбітшілік заман болсын. Еліміз өркендеп өсе берсін, тәуелсіздігіміз мәңгілік тұғырлы болғай!

(сахнадан барлық кейіпкерлер шығып кетеді)

Тақпақтар:

Барша халық таныған,
Біздің үміт, тілекті.
Шырқалғанда әнұран,
Шаттық кернер жүректі. **Б.Алинұр**

Елбасымыз жолдайды,
Халқы оны қолдайды.
Ешқашанда орынсыз,
Шешімдері болмайды. **Амина**

Күн тұрғанда тұратын
Жұрты сайран құратын
Қала болсын Астана
Осы - менің мұратым! **Қуаныш**

Халқым - менің тірегім,
Құрбан жаным, жүрегім!
Атымыз озсын бәйгеде,
Осы - менің тілегім! **Байсал**

Би: «Қазақ биі»

Жүргізуші: Далада думан, калада думан, жыр бүгін
Ғасыр бойы аңсай да күткен бұл күнім
Жасай бер, жаса, асқақтай бер әрқашан.

Тәуелсіз елім, тұғыры биік, Қазақстан! Қазақстан еліміздің тәуелсіздігі мерекесі тағы
да құтты болсын! Құрметті ұстаздар, ата-аналар, бүлдіршіндер бүгінгі Тәуелсіздік
мерекесіне арналған ертеңгілігіміз аяқталды.

Келесі мерекелерде жүздескенше, Сау саламатта болыңыздар!

